

Ақсу қаласы халқының нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 06 ақпандағы N 128/1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 04 наурызда N 3467 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 336/4 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 21.04.2016 № 336/4 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабы 2-тармағына сәйкес, Ақсу қаласының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Ескерту. Кіріспеге өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 13.11.2013 N 820/5 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Ақсу қаласының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтамалары бойынша еңбекке шектеулігі бар тұлғалар;
- 2) бір жылдан аса жұмыс істемеген тұлғалар;
- 3) отбасында бір де бір жұмыс істейтін адамы жоқ тұлғалар;
- 4) 16-дан 29 жасқа дейінгі жастар;
- 5) туберкулезбен ауыратын науқастар;
- 6) жұмыс өтілі жоқ тұлғалар;
- 7) 50 жастан асқан тұлғалар.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 13.11.2013 N 820/5 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің әлеуметтік мәселер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Б. Бақауов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК